

## Жарма ауданы Жарық ауылдық округінің Жарық ауылына карантин режимін енгізе отырып шектеу қою туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 28 маусымдағы N 210 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Жарма аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 01 шілдеде N 5-10-118 тіркелді. Күші жойылды - Жарма ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 18 тамыздағы N 255 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Жарма ауданы әкімдігінің 2011.08.18 N 255 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағы 18) тармақшасын және Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10 бабы 2 тармағының 9) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Жарық ауылдық округі Жарық ауылында бір бас мысық құтыру ауруына шығуына байланысты Жарма ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарма ауданының Жарық ауылдық округінің Жарық ауылында ет қоректілер арасында құтыру ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режим белгіленсін.

2. «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы Министрлігі Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Жарма аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің бастығы (Н. Қасқырбаев), «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігінің мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің Жарма ауданы бойынша басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бастығы (Г. Құлжанбекова) жеке және заңды тұлғалармен орындауға міндетті ветеринарлық іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Жарма ауданы әкімінің орынбасары Н.Ә. Шалтабановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Келісілді:

"Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы Министрлігі  
Агроөнеркәсіптік кешеніндегі  
мемлекеттік инспекция комитетінің  
Жарма аудандық аумақтық инспекциясы"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы Н. Қасқырбаев

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау  
Министрлігінің мемлекеттік санитарлық-  
эпидемиологиялық қадағалау комитетінің  
Шығыс Қазақстан облысы бойынша  
департаментінің Жарма ауданы бойынша  
басқармасы" мемлекеттік  
мекемесінің бастығы Г. Құлжанбекова